Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



# QAZAQ ÝNIVERSITETI

№23 (1732)
11 маусым
2019 жыл

www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI

# ВЫБОР БУДУЩЕГО




**По предварительным данным ЦИК Касым-Жомарт Токаев набрал 70,76 процентов голосов. Это 6 миллионов 504 тысячи 54 голоса. 9 июня студенты КазНУ им. аль-Фараби с большим энтузиазмом приняли участие во внеочередных выборах Президента РК.**

С раннего утра молодежь шла на избирательные участки, чтобы сделать выбор будущего страны. Таким образом студенты университета продемонстрировали высокую степень электоральной активности и гражданской ответственности.

Как только открылись участки, выбрать нового Главу государства прибыли самые активные студенты, среди которых были и те, кто голосовал впервые. Для них этот день стал особенно запоминающимся. «Меня радует то, что удалось сделать свой выбор в стенах своей родной альма-матер. Голос каждого из нас важен для страны. Поэтому мы, как студенты ведущего вуза, должны проявлять активную гражданскую позицию», – поделилась своим мнением студентка 2 курса факультета географии и природопользования Эльмира Сапарбек.

Также в этот день проголосовал студент 3 курса механико-метематического факультета Нурсултан Сакенулы. По его мнению, выборы Президента – это ответственный шаг и для него лично, и для Казахстана в целом. «На выборах я для себя определил одного кандидата, у которого программа наиболее конкретная и реально выполнимая. Если она будет осуществлена на деле, то наша страна только выиграет от этого», - сказал он.

На избирательном участке №259 проголосовал ректор университета Галым Мутанов. Он отметил особую торжественную атмосферу этого дня. «Студенты КазНУ всегда отличаются активной позицией, они переживают за будущее страны, поэтому сплоченно участвуют в этом важном для всего народа событии», - подчеркнул руководитель вуза.

На одном из двух участков, находящихся на территории КазНУ, проголосовал Народный артист СССР и КазССР Алибек Днишев. Он сказал, что рад быть в передовом вузе, отмечающем свое 85-летие, призвал молодежь активно проявлять свою позицию и овладевать знаниями.

Посмотреть уровень подготовки избирательной кампании прибыли международные и казахстанские наблюдатели. Как подчеркнул наблюдатель международной миссии Стран Содружества независимых государств Дмитрий Шевцов, работа избирательных участков на территории КазНУ хорошо организована. Все необходимые требования соблюдены, нарушения не зафиксированы, процесс отвечает нормам демократических выборов. В свою очередь, известный спортсмен, депутат Государственной Думы РФ Александр Карелин отметил высокую явку и активность студенческой молодежи.

**Соб. корр.**

# КӨШБАСШЫ

**ҚР жоғары оқу орындарының сұранысқа ие ұлттық рейтингіне енген 135 оқытушының жартысынан астамын ҚазҰУ қызметкерлері құрады.**

Оның ішінде физика-техникалық факультетінен – 34 оқытушы, химия және химиялық технологиядан – 19, биология және биотехнология – 8, механика-математика – 6, философия және саясаттану – 1, экономика және бизнес жоғары мектебінен 1 оқытушы бар.

Сарапшылар ағымдағы жылы рейтингті өткізу кезінде Webometrics жеке элементтері енгізілген ЖОО-ы саралаудың сандық бағдарламасының әдіснамасы жақсартылды деп атап өтті. Бұл объективті және анық баға беруге мүмкіндік берді.

2019 жылғы Ұлттық рейтингке еліміздің 59 жоғары оқу орны қатысты. Жыл сайын Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі (НААР/IAAR) өткізетін зерттеулер түлектердің дайындық сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған ЖОО-ның білім беру кеңістігінің халықаралық деңгейіне одан әрі шығуына ықпал етеді.

**Өз тілшімізден**

# ЛЕТНЯЯ ШКОЛА USRN

**В КазНУ им. аль-Фараби в рамках Сети социальной ответственности университетов (USRN) состоялась Международная летняя школа «Разнообразие и социальная справедливость в социальной работе: исследование, практика и образование». В ней приняли участие студенты Гонконгского политехнического университета, Университета Саймона Фрейзера (Канада), Университета Претория (Южная Африка) и КазНУ. Возможность пройти обучение получили также студенты региональных вузов Казахстана.**

КазНУ в 2019 году стал членом Сети университетов социальной ответственности (USRN), которая объединяет такие ведущие университеты мира как Манчестерский (Великобритания), Пекинский (КНР), Гонконгский политехнический университеты и другие.

Основная цель Летней школы - содействие формированию знаний и навыков, связанных с усилением разнообразия и различий в практике социальной работы, продвижение прав человека, социальной и экономической справедливости, а также распространение этики мира и ненасилия в обществе. Для слушателей организатором мероприятия – кафедрой социологии и социальной работы КазНУ при поддержке Фонда Первого Президента РК – Лидера нации была подготовлена пятидневная программа, включающая лекции, семинары и тренинги экспертов из США, Ирландии и Казахстана.

На официальном открытии школы, приветствуя гостей, проректор КазНУ профессор Шолпан Джаманбалаева отметила важность создания университетами условий для того, чтобы студенты могли активно участвовать в общественной жизни местного сообщества.

*Продолжение на 2 стр.*

ЖЕТІСТІК ЖОЛЫНДА
2-бет



ВИЗИТ МИНИСТРА ЕВРАЗИЙСКОЙ КОМИССИИ
3-стр.



«ЖЫЛ ОҚЫРМАНЫ» БАЙҚАУЫ
6-бет



*Продолжение. Начало на 2 стр.*

Это дает им возможность практиковать не только свои знания, но и ценности, убеждения. Тем самым университеты одновременно успешно учат своих студентов и помогают решать большие общественные проблемы.

Директор представительства Фонда Первого Президента РК в Алматы Сергей Тохтаров выразил уверенность в том, что «все участники летней школы получат новые навыки в области социальной работы и исследований, вдохновятся на применение полученных знаний при решении общественных проблем у себя в странах.

«Мы верим, что разнообразие и социальная справедливость являются важными компонентами всех открытых обществ, знания о которых обогащают опыт каждого», – отметила в своем выступлении, заведующая кафедрой социологии и социальной работы Гульмира Абдирайымова.

Участники Международной летней школы прослушали лекции и мастер-классы ученых Роберта Гиллигана (Тринити-колледж, Ирландия), Жунисбай Азмамата (Пиццер-колледж США), а также Улжан Казыбековой (КазНУ) и Гульнары Жакуповой (Центр изучения глобального здоровья в Центральной Азии) из Казахстана.

В фокусе обсуждений были такие темы, как социальная работа с уязвимой молодежью, оказание содействия жизнестойкости в детской и семейной социальной работе, совмещение работающими матерями работы и ухода за ребенком, экологическая модель в практике социальной работы и другие.

На студенческих сессиях участники из зарубежных и казахстанских университетов презентовали свои социальные проекты. Среди них – проект «Голубая капля», направленный на обеспечение доступа к проточной воде для средних школ и местных сообществ путем изготовления пластиковых контейнеров для воды. Проект «Завязанные глаза» студенты разработали в целях содействия социальной интеграции путем разрушения гендерных, этнических, расовых и других стереотипов в обществах.

Большой интерес вызвали также проекты, посвященные маркированию границ советской Центральной Азии, аудиоописанию

# ЛЕТНЯЯ ШКОЛА USRN




как технологии адаптации незрячих людей к повседневной жизни, социальной адаптации студентов-сирот в высших учебных заведениях, социальной справедливости в получении доступа к жилью, роли наставничества в практической деятельности сирот, социальной реабилитации детей с особыми потребностями, развитию студенческого волонтерства и др.

Участники летней школы также посетили городские центры по оказанию социальной помощи различным социальным группам – общественный фонд «Дом Мамы» и Приют жертв бытового насилия «ARASHA» при Институте равных прав и равных возможностей Казахстана. Здесь студенты узнали о проблемах и вызовах, с которыми сталкиваются казахстанские социальные работники и социальные службы и о новаторских способах их решения.

Частью программы Летней школы стал просмотр художественного фильма «Айка», который повествует о судьбе молодой девушки из Центральной Азии, приехавшей в Россию на заработки, которая была вынуждена оставить своего новорожденного ребенка в роддоме. После просмотра фильма студенты обсудили различные проблемы и вызовы больших городов, а также технологии социальной работы, деятельность социальных служб по оказанию помощи трудовым мигрантам и другим социально уязвимым группам.

На официальном закрытии Международной Летней школы участникам и спикерам были вручены сертификаты и грамоты.

Следует отметить, что Летняя школа стала не только хорошей образовательной площадкой, но и помогла завязать новые профессиональные контакты и генерировать идеи для дальнейших научных проектов. Многонациональный состав студентов и преподавателей создал обогащающую среду для расширения и углубления понимания социальных проблем и интеграции молодых исследователей в междисциплинарное профессиональное сообщество.

Неизгладимое впечатление на участников школы произвели также туры по городу, в ходе которых они ознакомились с основными достопримечательностями Алматы, отражающими богатое культурно-историческое наследие казахского народа и практики, укрепляющие в местном сообществе многообразие, мир, согласие и дружбу.

**Соб. корр.**

## QYSQA-NUSQA

**Ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ aralyq nátıjeler boıynsha merzimnen buryn H jazǵy mereıtoılyq Ýnıversıada – 2019 chempıony atandy.**

Ýnıversıtet sportshylary 3 sáýirden bastaý alyp 10 maýsymda aıaqtalatyn jarysta keremet nátıjeler kórsetýde. Jalpy komandalyq esepte olar Qazaqstannyń 60 joǵary oqý ornyn basyp ozyp, alǵa shyqty.

Ýnıversıadada barlyǵy 37 sport túri usynylǵan, QazUÝ stýdentteri solardyń ishinde 30-ǵa jýyq túrine qatysady. Búgingi tańda JOO qorjynynda 12 altyn, 6 kúmis jáne 3 jalpykomandalyq qola medál bar. Jarystyń sońyna deıin sportshylarymyz sporttyń taǵy 9 túrinen joǵary marapatqa ıe bolmaq.

***

**Qıyr Shyǵys kafedrasy Almaty qalasyndaǵy Koreıa Respýblıkasynyń Elshiligi janyndaǵy Bilim berý ortalyǵy, Koreıa Respýblıkasynyń Úkimeti janyndaǵy Ulttyq tarıh ınstıtýtymen birlese otyryp, Almatydaǵy Koreıa Respýblıkasynyń Bas konsýldyǵynyń qoldaýymen Koreıa tarıhyn bilý boıynsha saıys uıymdastyrdy.**

Saıysqa Qazaqstannyń JOO jáne mektepterden jalpy sany 399 bilim alýshy qatysty. Ótken jyly osyndaı saıys AQSh-tyń Los-Anjeles qalasynda ótkizilgen bolatyn. Bıyl Qazaqstannyń jetekshi joǵary oqý orny osyndaı mártebege ıe bolyp otyr. Koreıa tarıhy boıynsha ótkizilgen tes QazUÝ-daǵy koreıtaný bóliminde joǵary tanymaldylyqqa ıe ekendigin kórsetti. Sheteldegi koreıtanýmen aınalysatyn Koreıanyń jańa úkimettik mekemesimen ornatylǵan seriktestik Qazaqstandaǵy koreıtaný ǵylymy damýynyń jańa kezeńi bolyp tanylady. Al onyń kóshbasynda ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń turǵandyǵy anyq. Almaty qalasyndaǵy Koreıa Respýblıkasynyń Elshiligi janyndaǵy Bilim berý ortalyǵynyń dırektory Nam Hón Ý Qıyr Shyǵys kafedrasyna is-sharany joǵary deńgeıde uıymdastyrǵandyǵy úshin alǵysyn bildirdi.

***

**Reseı ǵylymı qorynyń «XVIII – XIX ǵǵ. Halyqaralyq qatynastar júıesindegi Ortalyq Azıa» jobasy aıasynda aǵymdaǵy jyldyń 20-22 tamyzy aralyǵynda arheologıa jáne etnologıa fakúltetinde «Eýropa jáne Azıa saıasi múddeleri toǵysyndaǵy Ortalyq Azıanyń orny XVIII – XIX ǵǵ.» atty halyqaralyq ǵylymı semınar ótedi.**

Negizgi maqsat – Ortalyq Azıanyń belgili tarıhı kezeńderde oryn alǵan tektonıkalyq geosaıasi jaǵdaıdaǵy halyqaralyq qatynastar júıesindegi ornyn keshendi túrde zertteý múmkindikterin talqylaýǵa baǵyttalǵan. Semınar jumysyna Reseı, Qazaqstan, Qyrǵyzstan, Ózbeksan, Túrkmenstan, Tájikstan, Ázirbaıjan, Pólsha, AQSh ǵalymdary qatysyp, óz oılaryn ortaǵa salady.

## РЕКТОРАТ

# ЖЕТІСТІК ЖОЛЫНДА

**Ректорат мәжілісінде 2018-2019 оқу жылындағы оқытушы-профессорлық құрамның, кафедралар мен факультеттердің рейтингісі туралы стратегиялық даму орталығының директоры Г. Минажеваның баяндамасы тыңдалды.**

Ағымдағы оқу жылына жасалған индикатив көрсеткіштері бойынша әр факультет пен кафедраға жеке тоқталып, жетістігі мен кемшілігін атап өтті. Өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, биыл алға жылжу бар. Индикативті жоспарға қатысушы оқытушы-профессорлық құрам саны 2200-ден 2603-ке көбейгені айтылды. Мысалы, 1594 оқытушының жалпы университет бойынша орта балы 205 болды. Оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша кафедралар рейтінгісінде алғашқы үздіктер қатарында–Қиыр Шығыс, халықаралық қатынастар және әлем экономикасы, орыс филологиясы және әлем әдебиеті, жылу физикасы және техникалық физика, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы және т.б. болды.

Сондай-ақ, ректорат мәжілісінде қабылдау комиссиясының жұмысы туралы қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Ж.Жаппасовтың хабарламасы каралды. Биылғы жылы қабылдау комиссиясында



бірқатар өзгерістер бар. ЖОО-дан кейінгі білім алу бойынша магистратураға түсуге емтихан жазбаша өтеді. Кейбір мамандықтарға шығармашылық емтихан бөлек жүргізіледі. Бакалавриатқа түсу үшін - ҰБТ тапсырады, магистратураға тапсырушылар кешенді емтиханнан өтеді, ал докторантураға құжат тапсырушылар ағылшын тілін меңгергендігі туралы халықаралық сертификат алып келуге міндетті және таңдаған мамандығы бойынша емтихан тапсырады. Білім алушы білім беру бағдарламасын таңдаған мамандығына сәйкес өз еркімен таңдай алады.

Сонымен қатар ҚазҰУ қызметкерлері арасында үздік танылып, ғылымға сіңірген еңбегі үшін, ҚазҰУ-дың шетелде танылып, беделінің артуына өз үлестерін салып, талмай еңбек етіп жүрген бірнеше ұстаздар мен қызметкерлер арнайы құттықтаулармен марапатталды.

**Еңлік АҚЖІГІТ**

***Елімізде Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтті***

# ВИЗИТ МИНИСТРА ЕВРАЗИЙСКОЙ КОМИССИИ

**В КазНУ им. аль-Фараби прошла открытая лекция члена Коллегии по интеграции и макроэкономике Евразийской экономической комиссии Татьяны Валовой.**




Визит высокого гостя является знаковым для студентов и преподавателей университета, которым выпал редкий случай увидеть и слушать блестящего лектора, человека, который более 20 лет занимается интеграционной практикой – продвижением евразийской интеграции на постсоветском пространстве.

Встреча со студентами и преподавателями КазНУ была приурочена к двум юбилейным датам – пятилетию подписания Договора о Евразийском Экономическом союзе и 25-летию Евразийского проекта, идея которого была выдвинута Елбасы. Выступление Нурсултана Назарбаева в МГУ в 1994 году явилось начальной точкой реализации масштабного межгосударственного проекта и содержало принципиально новую для того времени интеграционную парадигму: создание Евразийского союза с упором на экономику и оборону. У ЕЭС есть значительные успехи, но имеются ограничения для дальнейшего развития, связанные с рядом нерешенных вопросов. О путях их решения и перспективах развития Евразийского экономического союза шла речь на открытой лекции Татьяны Валовой.

Татьяна Валовая – известный экономист, с 2012 года является членом Коллегии (Министром) по основным направлениям интеграции в рамках ЕАЭС. Она отвечает за международные связи, их установление с международными организациями, за заключение соглашений о создании зон свободной торговли между Союзом и третьими странами. Это направление деятельности ЕАЭС также было очень интересно слушателям факультета международных отношений. Валовая регулярно совершает зарубежные поездки для проведения соответствующих переговоров, участвует в конференциях международного уровня, выступает с официальными комментариями по текущим и перспективным моментам деятельности ЕЭК и развития ЕАЭС.

В Казахстане Татьяна Валовая бывает часто. Ее визит в КазНУ был организован в рамках проведения XVI Евразийского Медиафорума в Алматы. До этого она выступала в Нур-Султане на Евразийском экономическом форуме.

**Соб. корр.**

**Жақында Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп ұйымдастырылған бітімгершілік үшін технологиялардағы серіктестік жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының V Халықаралық симпозиумы өтті.**

# БҰҰ-НЫҢ V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМЫ



Қазақстан Республикасы БҰҰ-нын бітімгершілік қызметін жүзеге асыруды жақсарту, технологиялық шешімдер енгізу жөніндегімәселелерталқылауалаңынаайналды. Симпозиум аясында озық ғылыми-техникалық базаны, перспективалы технологиялар мен инновацияны құру тәжірибесі бар ҚазҰУ бітімгершілік қызметіндегі өзекті мәселелерді шешуге бағытталған өзінің инновациялық әзірлемелерін ұсынды.

Симпозиумға қатысушыларға жерді қашықтықтан зондтаудың халықаралық интеграцияланған жүйесін құру, виртуалды нақтылық технологиясын қолдана отырып, әскери-тактикалық атыс жаттығу кешенін құру, функционалдық ақуызды субстанциялар негізінде әскери қызметшілердің тамақтануына арналған арнайы өнімдерді әзірлеу, қорғаныс техникасы үшін жаңа сандық модульдерді және наноматериалдар негізінде әртүрлі датчиктерді әзірлеу және енгізу бойынша жобалар көрсетілді.

Симпозиумның жалпы жиналысында ҚазҰУ-дың «Ғылыми-технологиялық паркінің» директоры Әмірхан Темірбаев кіші спутниктерді, атап айтқанда бітімгершілік міндеттерді шешу үшін наноспутниктерді қолдану мүмкіндіктері туралы баяндама жасады. Ол алғаш рет БҰҰ-нын наноспутниктерінің спутниктік тобын құру туралы идеясын жариялады.

Бұл ұсынысты БҰҰ-нын өкілдерімен қатар, Еуропалық ғарыш агенттігінің өкілдері бірауыздан қабылдады. Шетелдік қонақтардың атап өтуінше, наноспутниктер көптеген функционалдық технологиялық шешімдерді көрсету және сол уақытта олардың салынуының арзандауы, сондай-ақ аз уақыттың шығындары есебінен үлкен танымалдыққа ие болады. Қазіргі уақытта Еуропалық ғарыш агенттігінде наноспутниктердің қызметі бойынша жеке комиссия құру туралы мәселе жүріп жатыр.

**Баспасөз қызметі**

# ПРОФОРИЕНТАЦИОННАЯ РАБОТА

**По примеру ведущих университетов мира в КазНУ имени аль-Фараби разработаны и внедрены экспериментальные образовательные программы, соответствующие мировым стандартам, многие из них прошли международную аккредитацию.**

В университете функционирует технологический коридор «от генерирования идеи до ее коммерциализации». В связи с этим, перед вузами стоит задача подготовки высококвалифицированных, конкурентоспособных, предприимчивых и активных специалистов, востребованных на рынке труда. Известно, что качество выпускника напрямую связано с профориентационной работой, под которой понимают комплекс мер содействия человеку в самоопределении, выборе оптимального вида занятий с учетом его потребностей и возможностей, а также формирование у него компетентности при ориентации и адаптации на рынке труда. Профориентационная работа является важным фактором, обеспечивающим привлечение в вуз достойных абитуриентов, кроме того, это один из критериев, определяющий качество образования.

Профориентационная работа на кафедре «Географии, землеустройства и кадастра» является одним из главных факторов, позволившим привлечь абитуриентов на факультет географии и природопользования.

К сожалению, большинство абитуриентов выбирают будущую профессию в последний год обучения, накануне поступления в вуз. Мало кто рассказывает и показывает им, кем они могут стать во взрослой жизни. Растерянные школьники зачастую поступают на специальность, которая им не подходит и в которой они в итоге разочаровываются. В результате рынок труда переполнен малоквалифицированными и немотивированными кадрами. Исправить положение поможет более тесное взаимодействие школ и вузов, а также ранняя профориентация школьников.

Ежегодно на кафедре географии, землеустройства и кадастра проводятся встречи со школьниками, преподаватели кафедры рассказывают о будущих профессиях, по которым готовят бакалавров и магистров, о научной работе и студенческой жизни. В подобных встречах принимают участие и наши выпускники, представляя свои университеты уже в качестве студентов, аспирантов или сотрудников.

**К. ДУЙСЕБАЕВА,**
*к.г.н., и.о. проф. кафедры географии, землеустройства и кадастра факультета географии и природопользования*

**Философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасында «Орталық Азия» халықаралық жазғы мектебі өз жұмысын бастады.**

# «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ» ЖАЗҒЫ МЕКТЕБІ БАСТАЛДЫ



Шараға Швецария Цюрих университетінің профессоры, мәдени антрополог Петер Финкенің бастауымен 51 адам қатысуда. Жазғы мектеп аясында Азия халықтарының мәдениеті, тарихы, тілі, антропологиясы бойынша профессор Петер Финке дәріс оқыды. Кезекте қазіргі Қытайды зерттеу орталығының директоры Нәбижан Мұқаметханұлы «Қытай және Орталық Азия» атты дәрісі барысында Қытай мен Орта Азия байланыстарының ерте ғасырдан бүгінгі заманауи кезеңге дейінгі даму тарихы, болашақ перспективалары және шетелдік әріптестердің Қазақстанға ықпалы бойынша бірқатар сауалдарға жауап берді. Халықаралық жазғы мектеп тыңдаушыларының мәдени бағдарламалары Хоргос Қытай және Қазақстан шекарааралық ынтымақтастық халықаралық орталығында, Ташкент, Бұхара, Самарқанд, Бишкек және Уланбатор қалаларындағы тарихи мәдени ескерткіштерінде жалғасады. Халықаралық жазғы мектеп жұмысы 10 маусымға дейін жалғасатын болады.

**Философия және саясаттану факультеті**

***В КазНУ прошел семинар «Исламские финансы в Казахстане: перспективы от МФЦА и партнеров»***

# НЕ ЗНАЯ ПРОШЛОГО, НЕ БУДЕШЬ ЦЕНИТЬ НАСТОЯЩЕЕ

**Время, как неуловимый миг, проносится мимо нас. Даже не верится, что буквально в этом году мой родной вуз – КазНУ имени аль - Фараби отмечает свой 85-летний юбилей.**




«Всё течёт и изменяется» - сказал философ Гераклит. На фоне белоснежных, величественных гор Заилийского Алатау стал ещё лучше и краше первый и единственный в республике студенческий городок КазНУ, построены новые учебные корпуса, современная библиотека и многое другое.

В этом стремительно меняющемся мире, на фоне происходящих глобальных изменений в науке и обществе, я полагаю, было бы хорошо рассказывать на страницах газеты «Қазақ университеті» о прошедших знаменательных событиях и лучших представителях вуза, которые своим самоотверженным трудом внесли достойный вклад в развитие университета.

Я очень часто бываю на филологическом факультете. Проходя по коридору мимо стендов, представляющих историю и жизнь факультета, меня охватывает волнение, вспоминаются яркие моменты, рабочие будни профессорско-преподавательского состава того времени.

Возглавлял факультет тогда известный специалист - языковед Сайкиев Халабин Мухитович. Он преподавал современный русский язык. Очень строгий, требовательный декан, но в то же время отзывчивый, мудрый, с педагогическим тактом. Мы, тогдашние первокурсники, даже не знали, где находится деканат - «святая святых», потому что всех и всего боялись. Халабин Мухитович, видимо зная о робости студента, всегда относился к нам приветливо, по-отцовски, интересовался нашими трудностями и успехами, говорил он свободно, выразительно, грамотно, был прост в общении с аудиторией.

Но больше всего мне нравилось быть на занятиях по древнерусской литературе. Преподавала этот предмет Майя Михайловна Багизбаева. Она читала лекции приятным, звучным голосом. Тон выражения - спокойный, мелодичный. Бархатистый тембр увлекал нас и обволакивал. Мы словно находились под магией фольклора и сказочных былин. И оттого, наверное, содержание каждой лекции оставалось полезным и запоминающимся.

Майя Михайловна была открытым для общения, интересным собеседником, всегда приятной, доброй. В этом человеке всё было прекрасно - и душа, и мысли. Именно к ней можно отнести слова великого Гёте о том, что «Всякая внешняя благопристойность имеет свои внутренние основания». Я благодарна судьбе, подарившей мне возможность учиться у замечательного и талантливого педагога Майи Михайловны Багизбаевой.

«Не зная прошлого, не будешь ценить настоящее»—гласит народная мудрость. Нахлынули воспоминания. Захотелось еще раз вернуться, окунуться в прошлое, вспомнить студенческие аудитории, профессорско-преподавательский состав тех далеких, незабываемых лет. Ведь вся моя жизнь, начиная с момента поступления в 1969 году на филологический факультет, и трудовая деятельность вот уже на протяжении 50 лет связаны с моим альма-матер, флагманом отечественной науки, ведущим вузом страны. Прошло полвека, а кажется, это было вчера.

**З. ЖАНАЗАРОВА,**
*доктор социологических наук,*
*профессор кафедры социологии*
*и социальной работы*

# КИЕЛІ ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ

**«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, Нұрлы ақыл, Жылы жүрек»,–деп ұлы Абай атамыз айтып өткендей, осы қасиеттерді бойына анасының ақ сүтімен дарытып, өмірге келген әрбір адамның дүниеге кірпіш болып қалануына үлкен септігін тигізетін алтын ұя мектебінің, одан әрі киелі қара шаңырақ оқу ордасының ерекше орын алары сөзсіз.**

«Оқу—инемен құдық қазғандай»,—деп дана халқымыз айтқандай, жасымнан аянбай еңбек етіп, мектебімнен терең білім алып, «Алтын белгі» иегері атанып, ғылым жолында сарқылмас бұлақ көзін, киелі алтын шаңырағым Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де ашқанымды мақтанышпен еске аламын.

ҚазҰУ—білікті маман даярлауға үлес қосып келе жатқан іргелі де, киелі ғылым ордасы. Жаңа ғасыр – білім ғасыры десек, қазіргі кезде сапалы білім алу басты талап. Киелі қара шаңырағымның өзіндік мол тарихы бар. Физика-техникалық факультетінің студенті атану барысында, менен асқан бақытты жан болмаған шығар. Білім, шын мәнінде, ұлы қасиетті күш екендігін әрбір жас ерекше сезінгені абзал. Осы ордамда оқып жүрген жас мамандардың қазір де, болашақта да мол жетістіктерге жету жолындағы мүмкіндіктері өте зор! Білім ордамыздың материалдық базасымен қазіргі заман талабына сай толық жабдықталғаны, ғылыми зертханаларымыздың бар болуы, сан жетпейтін кітап қорын құраған ғылыми кітапханамыз, электронды-компьютерлік залдар, интернет және мультимедиалық сыныптар, спорт сарайы, студенттік сарай және асханалар, шуағы нұрға толы жатақханам, барлығы да менің студенттік өмірімнің ең қызықты, таусылмас, ұмытылмас естелігі болып қала бермек. Ордамыздың білім беру жүйесін жетілдірудің басты мақсаты- жас мамандардың білімінің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Университет халықаралық деңгейде зор мәртебеге қол жеткізуде. Әлемнің ең маңдайалды университеттерімен халықаралық қатынастар жөніндегі келісім-шарттар жасалынып, әр кез тығыз байланыста. Университетіміздің студенттері тәжірибе алмасып оқыту бойынша көптеген Республиканың ең таңдаулы, мықты жоғары оқу орындарында білім алуда. Әр жыл сайын, халықаралық пән сайыстарында, ғылыми жобалар қорғауда тек алдыңғы қатарларда көрінуде.

«Мамандығым—мақтанышым»,—дей келе, өз ісімді үлкен жауапкершілікпен атқарып, мамандығымнан рухани күш алған, әр сәтімде, бақыттың рахатын сезінемін. Осы мамандықты бойыма сіңіруде, физика-техникалық факультеті, жылу физика және техникалық физика кафедрасында әр өткен қызықты дәріс сағаттары – менің ғылымға, мамандығыма деген қызығушылығымды арттыра түсті.

Сондықтан осы таңдауым, білікті маман атануыма жол көрсетті. Талай өнегелі дарындары, өшпес із қалдырған ғалымдары, ұстаздары зор үміт күткен шәкірттері түлеп ұшқан, қара шаңырақ Ақ Ордам, сенімінді әрқашан да ақтаймын! Бүгінгі таңда, ҚР ҰЭМ «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК ШҚО филиалы бойынша өз маманының хас шебері атануыма, зор үлесін қосқан ШҚО, Тарбағатай ауданы, Тұғыл ауылы, шоқтығы биік Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, аяулы да қадірлі, білім нәрін тұла бойыма дарыта білген ұлағатты ұстаздарыма мың тағзым!

**Жансая ЖҰМАБЕКОВА,**
*ҚазҰУ түлегі*

# АҚ ЖЕЛКЕНДІ **АРМАНЫМ…**

**Көктемнің алғашқы айларынан басталып, күн ара толассыз жауған ақ жауындар лүпілдеген жүрек дүрсілімен үндесе, оның қағысын одан әрі үдете түскендей. Әдеттегідей аяғымды санай басып тағы да ҚазҰУ-ді бетке алып келе жатырмын.**

Балалық шақтан арманыма айналған қалам құдіреті, журналист болуды аңсаған пәк көңілім әрдайым ҚазҰУ-дың студенттер қалашығына тартады да тұрады. Бұл неткен құдірет, бұл не деген сиқыр?! Ол мен үшін әзірге беймәлім, тұңғиықтай терең, тылсым дүние...

Бірақ жас жүрегім алабұртып асқақ Алатаудың баурайында мекен тепкен осы бір жоғары оқу орнын іздейтіні, оның өзіне баурап тартатыны —талассыз шындық.

Еліміздің білімі мен ғылымының анық көшбасшысына айналған – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің маман дайындаудағы бүгінгі күнге дейін алған асулары мен жеткен жетістіктерін тек қана ТМД мемлекеттері ғана емес, әлемдік қоғамдастықтың да әлдеқашан мойындап қойғаны анық.

Дүние жүзіндегі алпауыт мемлекеттердің көпшілігін әлемге танытатын да олардың аты алысқа кеткен атақты оқу орындары, яғни университеттері мен институттары екені де белгілі.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының ішінде ҚазҰУ-дың шоқтығы биік, жұлдызы жоғары екендігі де мен үшін аксиома секілді...

Менің әкем Есенай да осы университеттің тарих факультетінің түлегі, ол күні бүгінге дейін өзінің кезінде осындай керемет те, ең озық университетте оқып, білім алғанын мақтан тұтып: «Қазақтың Оксфорды да, Кембриджі де, Гарварды да, Сорбоннасы да – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті», - деп отыратыны бала кезден менің жадымда сақталып қалған.

Бәлкім, журналист болуды қиялдап, таңдауымның ҚазҰУ-ға түскеніне де әкемнің аталы сөздері өз әсерін тигізген болар...

Оның үстіне әр жылдары мен қатынасқан әрі жүлдегері атанған осы университеттің журналистика факультеті ұйымдастыратын қызықты да тартымды дода «Журналист болғың келе ме?» конкурстары және танымал профессорлары мен белгілі доценттері, оқытушылары өткізетін тағылымы мол «шеберлік класстары» журналист болу арманымның маздап жанған үміт отын үрлей түсетіндей.

Әлемнің ең дамыған отыз мемлекетінің қатарына кіруді мақсат етіп, осы жолда ерен еңбектер атқарып жатқан Қазақстанның халықаралық аренада атын шығарып, болашағынан мол үміт күттіретін интеллектуальдық имиджін қалыптастыратын да ҚазҰУ секілді жоғары оқу орындары деп санаймын.

Қазақ халқының санасында соны серпіліс жасап, оны рухани жағынан жаңғыртамыз деген жоспары бар еліміздің ең алдымен білімі мен ғылымын, технологиясы мен инновациясын жоғары білімді, озық ойлы студенттерді дайындау арқылы тағы да бір жаңа сапалы деңгейге көтеруі қажет сияқты.

Жыл сайын зияткерлігі жоғары, таңдап алған кәсібін жете игерген мыңдаған студенттерді еліміздің экономикасы мен түрлі салаларына жолдап отыратын ҚазҰУ мұндай талапқа толықтай сай деп ойлаймын.

Қазақтың бір туар кемеңгер ұлы Дінмұхамед Қонаев атамыз Қазақстанды басқарған жылдары бой көтерген әсем де кербез ҚазҰУ қалашығы, онда орналасқан бүгінгі күнгі ең жоғарғы талаптарға сай оқу ғимараттары, спорт нысандары мен студенттерге қызмет көрсету орталықтарын аралаған сайын үстіміздегі жылы осы оқу орнына түсу үшін сынақ тапсыруды таңдайтыным дұрыс шешім екеніне көзім жете түседі.

Елімізге, қала берді жер жаһанға ақпарат таратып, халқымызды әлемде болып жатқан алуан түрлі жаңалықтармен сусындататын журналист болу—менің қиялымның көк теңізінде жүзген ақ желкенді арманы іспеттес...

Олай болса, ҚазҰУ, құшағынды жайып, қарсы ал, арман қуған қызынды!!!

**Тоғжан ТҰРҒАНБАЙ,**
*М.Мақатаев атындағы №140*
*гимназияның 11-сынып оқушысы.*
*Алматы қаласы*

## ҚазҰУ-да халықаралық USRN жазғы мектебі өтті

**Тіл ғылымын зерттеуші филолог-ғалым, білікті ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Жанар Әзілханқызы Нұршайықова ғұмырын филология ғылымына, оның ішінде орыс тілін шет тілі ретінде оқыту, тіл теориясы, алгоритмді синтаксис мәселелерін жүйелі түрде зерделеуге арнап келеді. Ж.Ә. Нұршайықова қасиетті қара шаңырағымыз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1973 жылғы түлегі. Өмір жолын 1976-1978 жылдары Павлодар педагогикалық институтында оқытушылықпен бастап, ал 1978-1981 жылдары Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аспирантурасында оқиды. Одан кейінгі өмір жолы АлИИТ-те орыс және шет тілдері кафедрасында жалғасын табады.**

# Филолог-ғалым, білікті ұстаз



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында 1986 жылдан бастап, алдымен ассистент, бір жылдан кейін – аға оқытушы, 1990 жылы кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін – доцент, 2003 жылы «Алгоритмдік синтаксис теориясы» тақырыбы бойынша докторлық диссертация қорғағаннан кейін – профессор қызметтерін атқарып келеді.

Білікті ғалым, білгір ұстаз тек университетіміздің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде сабақ беріп қоймай, 1989-1990 жылдары орыс тілін шет тілі ретінде оқыту мәселелері бойынша Патриса Лумумбы атындағы УДН-де (Мәскеу) тәжірибеден өтеді, сонымен қатар 1991-1993 жылдары Синьцзян университетіне (СУАР, ҚХР) арнайы шақырылып, филология факультетінде орыс тілінен сабақ беруге іс-сапарға аттанады.

2004 жылдың қыркүйек айынан 2013 жылдың қыркүйек айына дейін кафедра меңгерушісі қызметін абыроймен атқарады. Осы кезеңде кафедра Жанар Әзілханқызының басшылығымен инновациялық және интерактивті оқыту әдістерін енгізіп, орыс және қазақ тілдерін шет тілдері ретінде оқытудың жеке бағдарламаларын жарыққа шығарып, жаңа буын оқулықтарына көшіп, тілді аспектілеу әдісімен оқыту бағдарламаларын жаңғыртты. Кафедра негізінде ана тілден өзге тілдерді меңгеру мәселелерін зерттеу бойынша ғылыми-әдістемелік жеке бағыт пайда болды. Осы бағыттың қажеттілігін растайтын бірнеше ұжымдық монография жарияланды. Кафедра ғалымдары әзірлеген әдістемелер оқу үдерісіне тың технология, жақсартылған оқу бағдарламалары мен құралдары түрінде енгізілді.

Филология ғылымының тылсым сырына терең үңіле білген Жанар Әзілханқызы, белесі мен қатпары көп ғылым негізін қалап, дамытып келеді, кафедра оқытушылары жүргізген диссертациялық зерттеулердің ғылыми жетекшісі болып көп еңбек атқарды. Оның тікелей жетекшілігімен кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі Д 14а 01.22 Диссертациялық кеңесінің мүшесі болып 7 жыл қызмет етті. КазПРЯЛ мүшесі, КазПРЯЛ ревизиялық комиссиясының мүшесі, ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің мүшесі, ЖОО дейінгі білім беру факультетінің Ғылыми кеңесінің мүшесі болып табылады. Жалпы білім беру пәндері бойынша мектеп оқушылары арасындағы қалалық олимпиадалардың (2006 ж., 2007 ж., 2008 ж.) қазылар алқасының мүшесі болған. 2012 жылы кафедра лекторлық шеберлігі мен білім беру саласындағы жетістіктері үшін «Ресейдің Алтын кафедрасы» атағын алды. 2008-2009 жж. ҚазҰУ-дың үздік оқытушысы атағына ие болып, ҚазҰУ-дың күміс медалі иегері атанды. 2019ж. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталды.

Жанар Әзілханқызы Нұршайықова өзінің ізденіс саласында аянбай еңбек етіп, филология ғылымының қарқынды дамуына қомақты үлес қосып келеді. Үлгілі ұстаз өз кезегінде ақпараттар мен мағлұматтар легінен қалыс қалмай, жыл сайын халықаралық, әлемдік семинарлар мен конференцияларға қатысып отырады. Оның қаламынан 230-дан астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектері, соның ішінде, 11 монография, 19 оқу құралы, 5 оқу бағдарламасы туындады. Сонымен қатар кафедраның ғылыми және әдістемелік потенциалын көрсететін 30 ұжымдық жинақтың бас редакторы және құрастырушысы болып табылады.

Әзілхан Нұршайықовтай биік тұлғаның өнегелі өмірі мен шығармашылығы туралы молырақ білу үшін, келешек жастарға, ұрпақтарға үлгі-өнеге болсын деп, перзенттік парыздарын орындай отырып, Жанар Әзілханқызы өзінің бауырларымен бірге ҚР Ұлттық кітапханасында Ә. Нұршайықовтың соңында қалдырған жазба мұрасы халқымен бірге өмір сүре беретінінің жарқын көрінісі Әзілхан Нұршайықов атындағы мемориалды кабинет ашты. Онда «Ақиқат пен аңыз», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Мәңгілік махаббат жыры» және тағы басқа көптеген шығармаларының әр жылдардағы басылымдар, жұмыс істеген орны мен жазу құралдары, өзіне тартылған сыйлықтар, сондай-ақ, қаламгер өмірін баяндайтын фотосуреттердің жиынтығы мен басқа да құнды мұрағаттық заттар жиналған.

Жыл сайын ҚР Ұлттық кітапханасының Кітапханатану залында филология ғылымдарының докторы, профессор Нұршайықова Жанар Әзілханқызының бастамасымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары Қазақстанның Халық жазушысы «Ә.Нұршайықов атындағы шәкіртақыны» тапсыру үшін студент жастар мен жоғары сынып оқушылар арасында «Адам және әлем» атты жастардың жыл сайын болатын әдеби шығармашылық байқауын ұйымдастырып, оның қорытындысын шығарып, шағын әдеби жыр кешін өткізіп отырады, жеңімпаздарды «Ә. Нұршайықов атындағы шәкіртақымен» марапаттайды.

Бүгінде Нұршайықова Жанар Әзілханқызы университетіміздің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіндегі кафедрада профессор болып ұстаздық етіп, ұзақ жылдар бойы дәріс оқып, білімді де білікті шәкірттер дайындап келеді. Ғалымның ойшылдығы – қол жеткізген жетістігімен, қасиеті – жан тазалығымен бірге шәкірт тәрбиелеу ісі – біліктілігі арқылы да бағаланады.

ҚазҰУ тарихында 1986 жылдан бастап бүгінге дейін 35 жылға жуық ұстаздық жолында шетелдік түлектер легін білікті де, білімді етіп дайындап, қолынан түлетіп ұшырып келеді. 35 жылға жуық уақыт бойы білім әлемінде желкен керіп келе жатқан біздің кафедрамыз бүгінгі күні университеттегі бірден бір шетелдік жастардың басын қосатын, халықтың рухани жан дүниесін байытуға өз үлесін тигізетін, білім алғысы келетін әрбір шетелдік азаматқа өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, бағыт-бағдар беруші руханият ордасына айналып отыр.

Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов: «Адам мен адамды, ел мен елді теңестіретін нәрсе – білім» деген екен. Әлемнің әр түкпірінен келген жүздері басқа болғанымен жүректері білім мен өнерге құштар, тілдері басқа болғанымен тілектері тоғысқан Қытай, Корея, Ауғанстан, Германия, Испания, Италия, АҚШ, Швейцария, Дания, Испания, Жапония, Вьетнам және басқа да шетелдерден қазақ және орыс тілдерін оқу үшін Қазақстанға келген шетелдік жастар қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында бір үйдің баласындай тату-тәтті білім алып жатыр.

Орта ғасырда өмір сүрген Жүсіп Баласағұн: «Өнер, білім–қос қанаты адамның, осымен білерсің тілін ғаламның»,–деп жазып кеткеніндей, педагогикалық қабілеттілігі жоғары және ұстаздық өресі биік, профессор Ж.Ә. Нұршайықова әр жастың жүрек қалауын терең зерделеп, оқуға деген қызығушылық танытқан шетелдік азаматтардың таным көкжиектерін кеңейту бағытында үлес қосып келеді. Ұстаздық жолында көптеген шетелдік студенттерді орыс тілін меңгеруге ынталандырып, әр түрлі деңгейдегі білімге деген сұраныстарын қанағаттандырып, тілді биік дәрежеде үйретіп, кәсіби әрі шебер білім беру әлемінде жоғары деңгейде аянбай еңбек етіп, білім беруде. Жанар Әзілханқызының сабақ беру әдісі ерекше. Сабақ сайын кездесетін тың түсіндіру, тапсырма беру жақтарындағы шеберлігімен жоғарғы деңгейі бөлекше. Шәкірттеріне қатал талап қоюымен бірге олардың психикаларын толық меңгереді. Шетелдік студенттердің көңіл-күйлерін, жағдайларын, қиындықтарын ұғысып тұрады. Жанар Әзілханқызы шәкірттерінің ғылыми жұмыстарына әрқашан жоғары талап қояды. Көптеген шетелдік азаматтардың білімін көтеріп, әртүрлі мамандар дайындап, қияға самғатып, университет студенттерін тәрбиелеуге атсалысып келеді.

Жанар Әзілханқызының шетелден келген шәкірттері білімнің бастауын осы ұстаздан алып, биік белестерге көтеріліп, ұлттық тілімізбен, өнерімізбен және төл мәдениетімізбен танысып, білімдерін ұштауда зор жетістіктерге жеткеніне қуанып әрі өз алғыстарын білдіріп жатады.

Кәсіби әрі шебер білім беру әлемінде жоғары деңгейде аянбай еңбек етіп, рухани ой-өрісі бай, адамгершілігі мол, тәлімгерлік тәсілі көп, мейірімді де қарапайым ұлағатты ұстаз – Жанар Әзілханқызы Нұршайықова – ғалымдылығы, адамгершілігі, кісілігі, тектілігі, азаматтық қыры, туа бітті дарындылығы, біліктілігі, парасаттылығымен қатар өте қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Жанар Әзілханқызы әріптестеріне жөн сілтеуші бағдаршам ретінде еңбек сіңіріп, өмірлік және ұстаздық мол тәжірибесімен бөлісіп, кеңес беруден еш жалықпай келеді, оның ұстаздық шарапаты, тың идеялары мен үздік ойлары өз өресін тауып, сұраныстарға ие болуда.

Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы мен жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің ұжымы ардақты әрі ұлағатты ұстаз, әрі әріптес, кеңесші, ақылшы Жанар Әзілханқызын 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, ұзақ өмір, зор денсаулық, шығармашылық табыстар, талантты шәкірттер тілейді!

**Айгүл САДЕНОВА,**
*филология ғылымдарының докторы, шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы*

**В летней школе «Central Asia» на факультете философии и политологии приняла участие делегация Цюрихского университета (Швейцария)**

# «ЖЫЛ ОҚЫРМАНЫ» БАЙҚАУЫ

**«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы 2012 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Ғалым Мұтановтың бастамасымен әзірленді. Жоба аясында ҚазҰУ студенті оқуға тиіс үздік отандық және әлемдік авторлардың классикалық шығармалары таңдалды және тізімі жасалды. Мұндағы негізгі мақсат – жастарды кітап оқуға тарту арқылы студенттердің тұлғалық дамуына, ой-өрісін кеңейтуге ықпал ету, белсенді оқырмандарды анықтап, ынталандыру.**

Жоба басталған осы бес жылдың ішінде әл-Фараби атындағы кітапхананың ұйымдастыруымен оқырмандар конференциялары, шығарма авторларымен кездесу кештері және студенттер арасында сауалнамалар жүргізу сынды бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.

2014 жылдан бастау алған бұл жоба студенттер мен оқытушылар арасында үлкен қызығушылыққа ие болды. Сайыс үш кезең бойынша ұйымдастырылып, өткізілді. Бірінші кезеңде 300–ге жуық сауаланамалар толтырылып, сұрыпталса, екінші кезеңде «100 кітап» тізіміндегі поэзия және прозалық шығармалардан үздік үзінділер оқылып, пікірталас өтті. Байқауға қатысушылар тізімге енген шығармалардан алған әсерінен туындаған шығармасына эссе жазды. Ең үздік эссе (шығармалар) «Әсерлі шығармалар – асыл ойдың өрнегі» жинақ түрінде екінші мәрте дайындалатын болса, «Қазақ университеті» газетіне де жариялау жоспарланып отыр.

Байқау барысында үздік, ең көп кітап оқыған, жан-жақты білімді, қазақ және шетел әдебиетін жетік білетін ең үздік студент «Жыл оқырманы» дипломымен филология және әлем тілдері факультетінің 2 курс студенті Сабина Игілік марапатталса, Әсем Мамежанова, Назерке Үсенова, Шұғыла Айтқазы, Нұрсұлтан Алиев, Қойлыбай Әзімбек сияқты талапты да, талантты, өз зеректілігімен көзге түскен студенттеріміз жүлделі орындарға ие болды. Жеңімпаздарды кітапхана басшылығы арнайы «Жыл оқырманы» дипломдарымен, «Step by step» тіл курсыны атынан бір айлық тегін ағылшын тілі курсы, «Алматы көлдері» туристік агенттігінен тегін жолдамаға және сыйлықтарға ие болды

Механика-математика факультетінің студенті Күмісай Жеңісова осы жобаға арнаған «100 кітап» атты өз өлең жолдарын оқып берсе, филология және әлем тілдері факультетінің Намаз Мурсалы, Назерке Құрбанәлі, Алтынай Нұрбекова, Шолпан Әлішер, Камшат Төленді, Ақбота Бүркітбаева, Орынгүл Алмат сияқты студенттері жүректі тебірентер «Сол жағым сыздайды», «Ақ кемеден» үзінді, Т. Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» туындысынан көрініс, «Гамлеттен» монолог оқып, көзге жас алдырды. Физикалық техника факультетінің студенті Мөлдір Сіргебаева Абайдың «Қара сөздерін», Әлішер Шолпан М. Мақатаевтың «Күз тырналар» атты өлеңдерді тебіренте оқып берді. География және табиғатты пайдалану факультетінің студенті Бибіфатима Парда Б. Момышұлының өсиет сөздерін оқыса, химия және химиялық технологиялар факультетінің студенті Айдана Нұрбекова «Ескендір» поэмасын оқыды. Осы белсенді де өнерлі студенттер Қазақ классикасын оқудағы үздік оқырман» «Шетел әдебиетін оқудағы озық оқырман», «Поэзия оқуларының майталман оқырманы», «Көркем сөздің шебері», «Әл-Фараби атындағы кітапхананың тұрақты оқырманы», «Әл-Фараби атындағы кітапхананың зияткер оқырманы», «Өнегелі оқырман», «Талғампаз оқырман, «Болашақ әдебиет зерттеуші» номинациялары бойынша анықталды. Осы сайысқа белсене қатысқан география және табиғатты пайдалану факультеті мен филология және әлем тілдері факультеттерінің оқырмандарына демеушілік жасаған «Қазақ университеті» баспа үйі, «Step by step» ағылшын тілін оқыту орталығы, студенттерден құралған «Атамекен» патриоттар ұйымының мүшелеріне үлкен ризашылығымызды білдіреміз.

**Жұлдыз МАНАПБАЕВА,**
*Әл-Фараби кітапханасының қызметкері*

# БІЛІМ – ЖАРЫҚ, НҰРЫН САҒАН ШАШАТЫН

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – елміздің ең үздік, білім нәрімен сусындататын, жастардың болашағына жол салатын, ғылым мен даналық өсиетке тола орда.**

Баласағұн ең алғашқы ағартушылардың бірі ретінде ғылым мен білімге зор мән берген. «Ақыл — шырақ, қара түнді ашатын, Білім — жарық, нұрын саған шашатын», - демекші университетіміздің ғалымдары ақыл-парасатымен, мәдениетімізді дәріптеп, жастарымызға болашаққа жол ашатын білім ордасы.

Тәуелсіз еліміз әлемдегі өркениетті дамыған алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына ұмтылған, келешек қоғам иелері–жастарға бүгінгі күннің талабына сай тәрбие – білім беру жарқын болашағымыздың келешегі екені белгілі.

Өзімізге белгілі білім мен тәрбие егіз екені айқын. Соған орай жоғары және арнайы орта білім оқу орындарынан дәріс алып жатқан болашақ сала мамандары тек қажетті кәсіби білімді терең алып қана қоймай талапқа сай тағлымды тәлім-тәрбие берудің де әдістемелерін мейлінше кең ауқымда меңгере алуда.

Жалпы талап қою арқылы тәрбиелеу күрделі де үнемі ұзақ жүргізілетін үрдіс. Бұл жерде мұғалімдер мен ата-аналардың талабы өзара үйлесімді де бір-біріне ұштастырыла жүргізілуі тиістігін айтып отыру қажет. Негізінде әр балаға бақылау жүргізу, қадағалау жүйелі



жүрсе іс нәтижелі болмақ. Қандай іс болмасын белгілі бір тапсырманы орындауға балаға талап қоюмен қатар оны орындауға да жетелеп ақыл-кеңес, үлгі де көрсете білу маңызды. Оның өзі балалардың бойларына биік адамгершілік, еңбек сүйгіштікке баулу, өнерге құштарлық, адалдық, жанашырлық, білім мен ғылымға, патриоттық, қоғамшылдық сезімдері мен асыл қасиеттерін қалыптастыруға да қатысты екенін айтқан абзал. Міне, осы айтылған жайттарды болашақ сала мамандары, бүгінгі студенттер жете білуі тиіс деймін.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазіргі таңда ерекше тарихы бар дамыған университеттердің бірі. Университет – парасатты, ізгі-ниетті оқытушы-профессорлардың, іздемпаз студенттеріміздің белсенді істерін, білім мен ғылымды бойына сіңірген білім ордасы.

Әрине тәрбиені дәріптеуге арналған іс-шаралар білім алу бағытында өткізіліп отыратыны белгілі. Оған дәлел, шаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кезекті патриоттық тәрбие сағаттары, мерекелік іс-шаралар, дөңгелек үстелдер жүйелі түрде өтіп отырады. Әрине, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтановтың жетекшілігімен университет көптеген жобаларды іске асыруда. Атап айтар болсақ, ғылыми инновациялық «Al-Farabi university – smart city», «Айналаңды нұрландыр!», «100 кітап», «Салауатты өмір салты», «ҚазҰУ-Гринкампус» сияқты жобалар жастарды рухани байлыққа, сезімталдыққа, ізгілікке, ғылымға қызығушылықтарын талпындырады. Осы жобаларға орай жастардың шығармашылық ойларын туындатып, дүниетанымдарын арттырып, тәрбиелік тәлімі мол іс-шаралар өткізілуде. Білім ордасы әлемдік білім нарығында бәсекеге қабілетті екендігін танытуға, үздік топқа жетуге маңызы зор тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында қарқынды қызметтер атқарылуда.

**А. СҰЛТАНОВА,**
*әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы*

# МОЛОДЕЖЬ – стержень страны

**Предложение Елбасы обозначить 2019-й Годом молодежи очень вдохновило общественность, и особенно молодежь Казахстана.**

Умение конкурировать с развитыми странами в экономических, культурных, научно образовательных условиях напрямую зависит от молодежи. В законе «О государственной молодежной политике» отмечено, что ее целью является создание условий для полноценного духовного, культурного, образовательного и профессионального развития молодежи, участие в процессе принятия решений, успешной социализации и направления их потенциала на дальнейшее развитие страны. Об этом свидетельствует то, что вопрос поддержки молодого поколения существует в стране уже на протяжении нескольких лет. Так, в стране реализуются такие программы, как «С дипломом в село», «Серпін», «Болашақ», «Дорожная карта бизнеса», «Занятость – 2020», предоставление возможности получения жилья в рамках программы «7-20-25», повышение доступности и качества получения высшего образования, улучшение условий студенческой молодежи в общежитиях. Целью программы «Серпін», запущенной в 2014 году, является трудоустройство молодежи на юге страны, в северных, восточных, центральных регионах, где наблюдается дефицит кадров. По данной программе предусмотрено снижение безработицы в стране. В этом году эти программы будут расширены.

В начале года состоялось торжественное открытие форума "Тәуелсіздік ұрпақтары", на котором молодые люди, добившиеся успеха в какой-либо области, поделились своими впечатлениями. «Особенно важно проявить уважение и милосердие к старшему и младшему поколени, развивать нравственные качества. У нас есть обычай, оставленный предками: младшие уважают взрослых, мужчины уважают женщин. Следуя за западом, мы не должны забывать о традициях», - сказал Н.А. Назарбаев в обращении к молодежи. Весной прошлого года были объявлены пять социальных инициатив Елбасы, в рамках которых студентам было выделено дополнительно 20 тысяч грантов. С расширением возможностей получения бесплатного образования в стране началось строительство общежитий. Планируется, что в ближайшие два года будут сданы в эксплуатацию общежития на 10 044 места, а до конца 2022 года - на 75 тысяч мест.

Любая страна, которая уверенно шагает в будущее, знает, что молодое поколение - это главный стержень государства. На сегодняшний день в стране насчитывается около 4 млн молодых людей. Они составляют 22 % от общего населения. Будучи магистрантом КазНУ им. аль-Фараби, я призываю молодежь работать в нашей стране и быть мастерами своего дела, какую бы профессию они не выбрали.

**Гаухар КАНТАЕВА,**
*кафедра теплофизики и технической физики*



## Университетте ЕЭК-тің алқа мүшесі Татьяна Валоваяның ашық дәрісі өтті

# СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ СЫРБАЗЫ

**ҚазҰУ 85 жылдың ішінде қаншама түлекті ұшырды. Қара шаңырақтан ұшып шыққан түлектердің алды елге белгілі қоғам қайраткерлері атанса, енді бірі шет елдерде өз саласының майталмандары атанып жүр. Соның бірі–Руслан Меделбек. Руслан қара шаңырақтың журналистика факультетінің бакалаврын 2008 жылы, ал 2012 жылдан бастап магистратурасында оқыған. Бүгінгі күні Руслан Прага қаласында тұрады. Артынан ерген іні-қарындастарына қандай ақыл-кеңес берер деп сұхбаттасқан едік.**

**–Ең алғаш рет шет елге шыққан кезің есіңізде ме?**

–Ең алғаш рет 2011 жылы өз қаражатыммен Париж қаласына бардым. Сол сапарым менің ең алғашқы шетелдегі сапарым болды. Оған дейін Кипрге, Қытайға да бардым, алайда ол менің оқушы кезінде барған сапарым еді. Париж қаласында жиырма күндей болдым. Сол сапардан кейін менің саяхаттауға деген құштарлығым оянды. Кейіннен басқа да мемлекеттерге саяхаттағым келіп, алдыма армандар мен мақсаттар қоя бастадым.

**–Сізді шет тілін тез меңгерді дейді. Тіл үйрену құпиясымен бөліссеңіз...**

–Шет елде жүрген кезде тілден қиналып қалған кездер де болды. Сондықтан дереу тілді үйренуді бастадым. 2011 жылы Париждэн қайтып келгеннен кейін, шәкіртақымның бір бөлігін тіл үйренуге жібердім. Аптасына үш реттен, түске дейінгі курстарға барып жүрдім. Курстарды үзбеуге тырыстым және курста берген тапсырамаларды орындап, қосымша тапсырма алып дайындалып жүрдім. Жалпы тілді оқуға екі-үш жыл көлемінде оқыдым. Мен өзімді ағылшын тілін білемін деп айта алмаймын, тек ағылшын тілінде сөйлей аламын деп есептеймін. Мен дәл қазіргі уақытта тек қазақ және ағылшын тілдерін білемін. Себебі қазақ тілі менің туған тілім, ал ағылшын тілінде сөйлей аламын.

**–Болашақтағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз...**

– Болашақта журналистика саласы бойынша ары қарай білімімді дамытқым келеді. Жаңа трендтерді, жаңа стандарттарды үйренгім келеді. Болшақта тағы бір тілді үйренгім келеді. Алайда нақты қай тілді үйренетінімді шешкен жоқпын.

***–Әлеуметтік желіңізге бала кезде география мен журналистика саласының бірін таңдауда жүрген кезім деп бір суретті жариялаған екенсіз. Ал қазіргі журналистика саласына келуге кім себепкер болды?***

–Журналистика саласына келуіме бала кезден әдеби кітаптарды көп оқуым себеп болған сияқты. Бала кезден кітаптарды таңдауға атам Меделбек көмектесетін еді. Кей түсінбеген кітаптардың мазмұнын, ертегілер айтып беретін. Бала кезден ертегілерге көп құмар болдым. Ертегі кітаптарды жинауға тырысатынмын. Ауылда кімнің үйінде қандай кітаптар бар, сол кітаптармен қатар кітапханадағы кітаптарды алып оқитынмын. Қазір сәл өкінішім бар. Себебі көзімнің көруі



нашарлады. Екі аптада бір кітапты бітіріп тастайтынмын. Күнделікті кітап оқу менің бала кезден қалған әдетім. Ата-ана мені газет-журналға жаздыртып, алып беретін. Бастауыш сыныпта «Балдырған», «Ақ желкен» сынды журналдарды оқыдым. Оған дейін «Ұлан» газеті мен «Балдырған» журналдарының ескі сандарының бір жылдық жинағы бар болатын. Анам мектепте сабақ берген еді. Сол анамның қосымша құрал ретінде осы газет-журналдарды пайдаланатын. Кейіннен анам менің оқуға, газет-журналға деген қызығушылығымды байқап қалып, «Ұлан», «Ақ желкен», «Балдырған» және «Жас Алаш» газеттеріне үзбей жазылып тұратын. Балалардың жазған мақалаларын көріп, менің де қызығушылығым оянса керек. 2003 жылы ең алғашқы мақалам «Ұлан» газетіне жарияланды. Осылайша журналистика саласында алғашқы қадам басталды.

***–Журналистика саласындағы ұстазыңыз кім?***

–Менің журналистикадағы ұстазым-Гүлстан Қанатқызы. Гүлстан апай мені спорт журналистикасына алғаш келгенде, маған жол сілтеді. Маған спорт журналистикасына баруыма көмектесіп, ақыл кеңестерін аямаған Рауан Оқас, ал журналистика саласында Ғалым Боқаш, Рахат Мамырбек және Ермек Тілеген деген ағаларымның үйреткені, айтқандары журналистика саласында пайдаланып жатырмын десем болады.

**–Спорт комментаторы болу қаншалықты қиын?**

–Мен өзімді спорт комментаторы деп санамаймын, мен спорт журналистімін деп санаймын. Спорт журналистикасының қиындығы жоқ, алайда сен спортты жақсы көруің керек. Онымен қоса, спортты объективті түрде қарай білу керек және кей спортты спортшылардың деңгейінен кем білмеу керек. Яғни, спортпен айналыспасаң да, ережелері сынды көптеген ақпараттарды білуің керек.

**Сұхбаттасқан ,**
**Алмабек ИБРАЙЫМОВ**

# ҚАҒАЗ ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАБЫЛДАУ ПУНКТІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

**"Өзінде мәдениетті дамыт та, қағаз қалдықтарын жина!" физика-техникалық факультетінде 1 курс студенттерінің оқу тәжірибесі барысында "Жылу энергетикасы 135" тобымен қағаз қалдықтарын қабылдау пункті ұйымдастырылды.**

Көзге түсетін бірінші нәрсе – сандар: тек 54 кг ғана өңдеуге тапсырылған газет қағазы бір ағашты сақтауға мүмкіндік береді! Бір тонна макулатураны қайта өңдеу 20 000 л суды, 1000 кВт электр энергиясын үнемдейді, атмосфераға 1 700кг көміркышқыл газының шығарылуын алдын алады. Сонымен қатар, макулатура екі рет емес, оның талшықтары қысқа және қағаз жасауға жарамсыз болғанға дейін 5-7 рет өңделуі мүмкін. Осылайша, макулатурадан сапасы төмен өнімді ғана алуға болады деген пікірге қарамастан, Батыстың дамыған елдерінде екінші шикізаттан негізінен жоғары сапалы өнімдер өндіреді. Қазақстанда, өкінішке орай, бәрі қуантарлық емес, макулатураны жинау тек 8%-ды құрайды (салыстыру үшін, Германияда макулатураны жинаудың ең жоғары деңгейі 73%-ды құрайды)! Қоқысқа тасталған қағазбен не болады (қалған 92%)?! Оны қоқыс тастайтын жерге апарады, онда ол қоршаған ортаны ластай отырып, қалған қалдықтармен бірге шіріп кетеді. Қоқыс тастайтын жерлердің алдын алу–қағаз шикізатын жинау және өңдеу туралы ойланудың тағы бір себебі.




Макулатураның үлкен қолдану спектрі бар: одан кеңсе қағазын, полиграфия өнімдерін, орауыш және орауыш қағаздың түрлі түрлерін, жұмыртқаға арналған науаларды, тұқым отырғызуға арналған горшоктарды, дәретхана қағазын, үй-жайларды жылу оқшаулауға арналған құрылыс материалдарын (экологиялық таза құрылыс мақта), картон алады. Кейбір қасиеттері бойынша макулатурадан жасалған картон целлюлозды жақсы: кітаптар түптеуінде тек макулатураны өңдеуден алынған картон қолданылады.

Өкінішке орай, ағаштар отырғызудан әлдеқайда белсенді. Сондықтан жаңа ағаштарды отырғызу ғана емес, макулатураны қайта өңдеу да маңызды. Тіпті бүкіл планетада адамдардың төрттен бірі қажетсіз қағаз макулатураға тапсырылатын болса да, экологиялық жағдай айтарлықтай жақсарады. Сондықтан біздің факультетте ұйымдастырылып жатқан "Өзінде мәдениетті дамыт та, қағаз қалдықтарын жина!" акциясы ұйымдастырылды.

Барлықтарыңызды осы іс-шараға белсенді қатысуға шақырамыз!!!

**Бақытжан РАХАТ,**
*«Жылу энергетикасы-135»*
*топ куратор эдвайзері*
*Жылу физика және техникалық физика*
*кафедра оқытушысы*

# СТАЖИРОВКА В ЯПОНИИ

**Студентка кафедры Дальнего Востока Османова Мухаббат в рамках программы «FY 2018 METI Japan Internship Program, Technical Cooperation & Emerging Market Development Program», организованной Министерством экономики, торговли и промышленности Японии, прошла стажировку в Токийской компании Chiyoda Technol Corporation.**

Chiyoda Technol Corporation осуществляет свою деятельность в области атомной энергетики и занимается выпуском специального оборудования для использования в этой отрасли. В основном компания выполняет роль бизнес-посредника между клиентом-заказчиком продукции и компанией-производителем.

Переводческая деятельность, организация бизнес-встреч, преподавание английского и русского языков, ежедневные утренние собрания позволили участникам стажировки понять специфику японской организационной культуры, а также продемонстрировать уровень своей подготовки по специальности «Переводческое дело».

Стажировка финансировалась JETRO, что предоставляет возможность нашим студентам трудоустраиваться в Японии после окончания университета. В компании отмечают, что студенты КазНУ легко проходят отбор как по уровню владения японским языком, так и остальному перечню критериев, выставляемых организацией в период отбора стипендиатов.

**Кафедра Дальнего Востока**

## В КазНУ прошел конкурс на знание истории Республики Корея






# ВЫБОР БУДУЩЕГО













**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор: ***Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ***

Тілшілер: ***Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА***

Фототілші: ***Марат ЖҮНІСБЕКОВ***

Корректор: ***Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА***

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
***kazuniver2016gazeta@gmail.com***

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

***Бағасы келісім бойынша.***
***Таралымы 1000 дана***
***Тапсырыс: №891***

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.